

Қасым Тәукетегі

Кешеден

келдік

бүгінге



James H. Jones

ҚАСЫМ ТӘУКЕТЕГІ

Бұл еңбегімді, ғұмыры қиыншылықпен өткен анам Майкобенқызы Жылтыр (Қалима) мен әжем Балғаным марқұмдардың рухына бағыштаймын.

Кешеген келдік бүгінге

(Зерде: өзім және өзгелер туралы эсселер)

(Ел азаматтарының қалауымен толықтырылып,
екінші рет бастырылуы)

Астана, 2000

Белгілі қоғам қайраткері Қасым Тәукетегі зиялы қауымға бұдан бұрын шыққан кітаптарымен таныс.

Сіздерге толықтырылып ұсынылып отырған осы бір естелік-эсселерінде автор намыс туын жоғары ұстап, елінің елдік қасиетін сақтап қалуға тырысқаны жөніндегі жайларды оқып танысасыздар.

Н. Оразов - жазушы, ақын.

ISBN 5-7667-6443-X

© ТӘУКЕНОВ К., 2000 ж.

ЖҮРЕК ЖАРДЫ СЫРЫМ

Бұл күнде алыс сағымдай көрінген алпыстың асқаралы қырқасына шығып отырмын. Былайша айтқанда алты асқардың төріне жеттім. Өмірімнің жазы кетіп, күзі қалғанын мойындау парыз. Зейнеткер атандық, немере сүйдік, ой тоқтаттық. Көңіл әр нәрсеге алаң...

Өмірдің жақсысын да, жаманын да көрдік. Осынау кекселік жасқа жеткеніме тәуба деймін.

Қол босап, көңіл шартарапқа құйқылжыған сәтте бұрын да жазып жүрген ермек шаруаларымды жүйелеп қайыра қотарып, реттеп, әрі оқып көрсем, өмірімнің балалық шағы соғыс жылына дөп келіпті. Ол күндерде біз бүгінгі жеткіншектердей тәттінің түр-түрін айырмақ түгілі, атын да естіген жоқпыз. Ақыл жиып есейген жылдарым жаппай жоқшылық кез екен.

Онан соң білімге құштарланып соңына түскен шағым 50-ші жылдардың ортасы екен.

Содан бергі өмірім енбекке араласып, осы Ақмола өңіріндегі қалың ел ортасында өтті. Бұл болса қазақ жұртының 30-шы жылдардан бергі қуғын-сүргін, аштық, соғыс алапаттарынан құрып кете жаздап қайтадан түлеу дәуірі... Былайша айтқанда халқымның басынан кешкен елеулі кезеңдерін, уақыт ызғарын мен де қоса көріппін... Көре жүріп есейіппін. Бертінде халқадірімше соның бір қайраткер азаматы атаныппын. Осының бәрі естелігіме арқау болыпты. Тек қана қиял-қоспасыз көргенімді, басымнан кешкенімді жазыппын. Соны қайыра оқып, қайыра толғаныппын: - осы жазып отырғаным кімге, не үшін керек?

Менің бейнетім, өмірім, зейнетім бүгінгі жастарға қажет пе? - деген секілді.

Ағымнан жарылып отырып бірталай тарихтарды қазыппын. Құдай жаратқан ақ жүректігіммен өмірімнің бұралған жолы мен шатқалында күресіп жүріп сүрініппін, таяқ та жеппін. Соны айтамын деп көптеген замандастарымның шымбайына тиіп отырғанын да білемін...

Қалай болған күнде де ешкімді әдейі арандатқан жоқпын. Құдайшылық жолымен өмір сүрдім. Имандылыққа сендім. Ал, ақиқатты бетке айтқан адамның сүйкімді болмасын және де білемін.

Естелігімнің "Сарыарқа" журналына жарияланған үзіктерін, кейін жеке кітап толып шыққанын оқып ренжігендер де, "ши жүгірткендер де", сол бір дүниелерді неге айттың деп ескерткен де жолдастар болды.

Әйткенмен кім не десе де мен үшін шындық қымбат. Ат жалын тартып мінгеннен осы шындық үшін өмір сүрдім, сол үшін күрестім, сол жолда мәртебелі лауазымдарға ие болдым.

Ордендер мен үш мәрте Жоғарғы Советтің депутаты сияқты атақтармен марапатталдым.

Жеккөрінішті болған күндерім де аз емес.

Енді келіп алты асқардың төріне шыққанда мінезімді қалай өзгертпекпін, қалайша әсерлеп боямақпын?!

Қысқасы көп ойланып, көп толғанып көрген білгенімді, өмірден жиған ойымды, тергенімді ой елегінен өткізіп жылдар бойы іштей қорыта жүрдім де қалтқысыз қаз-қалпында айтып беруге бел будым.

Артық кеткен жерім болса ағайын мынасы несі деп жазғырмаңыз, кем бассам анасы, мынасы жоқ деп және іздемеңіз, базыналамаңыз.

Бұл менің имандай шыным. Сеніп қағазға түсіріп отырмын.

Өздеріңіздің Қасым ТӘУКЕНОВТЕРІҢІЗ.

Астана, 1 наурыз, 2000 ж.

Жүрегімің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім -
Мыңмен жалғыз алыстым, кінә-қойма...

Абай.

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМНАН ЕСТЕ ҚАЛҒАНДАРЫ

Ұлы Отан соғысы басталар 1941 жылдың қарсаңында, жетілер шамасындағы кезім. Қазіргі Көктал ауылының (бұрынғы Киров атындағы кеңшар) орталығынан жаз жайлауда Ақмоланың күншығыс жағындағы Қоянды деген жерде тұрдық. Жайлаудағы үйіміздің қабырғасы шымнап қаланған, төбесі тайпак, қайыңды жастай шауып, жапырағымен сол қалпы төбеге жауып, асты-үсті сыланған кәдімгі жеркепе үйі.

Мұндай жеркепе үйді ауыл болып жабылып үлкендер шым ойып әкеліп, қалап, төбесін жауып жатса, бала-шағалар лай басып, әйелдер сылап, ақ балшықтап екі-үш күнде бітіреді.

Жазда күн ыссы болғанымен шым үйдің іші жанға жайлы, қоңыржай келеді. Бүрге болмас үшін жер үйдің астына қалың ғып жусан төселінеді. Біздің сол салынған шым үйден жүз метрдей жерде есік-терезесіз, иесіз үш-төрт үй тұрды. Қапа, ыстық күндері сона, бөгелектерден ығып, шыбындап сол үйлердің ішіне мал кіреді.

Есімде қалғаны кереуеті, ескі-құсқы көрпе-жастық, ыдыс-аяқ, тұскиіз дегендерінің бәрі қанырап, үнірейіп бос тұрған сол үйлерде шашылып жатты. Ауылдың ересек адамдары ол үйлерге аяқ баспады, жоламады, маңайламады. Ішіндегі малдарды қуып шығып таңның атысы, күннің батысы сол үйлердің ішінде ойнап жүретін біз секілді, бізден ересектеу балалар ғана.

Асыр салып жүріп сол үйлердің қабырғасынан шүберекке оралған алтыатарды да (нағанды) тауып алдық. Сол үйлердің бірінен омырауында көп мөр басылған сары жез самаурынды үйге сүйреп әкелдім. Үй іші қылығымды жақтырмай, жамырай ұрысты. Жалаңаш құйрығыма алақандары да тиді. Өкіре

жылап, сасқанымнан атам Тәуке қажының алдына барып тығылыппын. Атам араша түсіп:

- Болды енді, ұрып, ұрса бермеңдер, білмегендіктен балалық жасап әкелген ғой, - деп тоқтау айтты. Ұрсуларының мәнін кейін, ес кіре түсіндім.

Бұл бос қалған үйлер Бәсібек пен Қамзе деген қыпшақ ауылы екен де, ертеде малдары кәмпескеленіп, тәркіленген соң, аяғы 1932 жылғы аштыққа ұшырап жаппай қырылғанға ұқсайды. Қазіргі Ақмоладан Ерейментауға шығар жолдағы сол жақтағы үлкен қорым, сол ескі Бәсібек, Қамзелердің ата қорымдары.

Жатқан жерлері жарық болсын, өздерінің тілегі бойынша сол қорымда менің әкем Аппас, туған інім Қасен, әкейдің ортаншы ағасы Әлтай, немере ағайын-туыстар, бауырлар жатыр.

Мүмкін білмегендіктен де айтатын шығармын және де басқа халықтарды кемсітейін деп отырғаннан аулақпын. Дегенмен Үнді халқының ұлы көсемі Махатма Гандидің: “Еуропа Ғайса пайғамбардың жолымен емес, сайтанның жолымен кетті”, - дегенін зердеме салсам, кісі өлтіргіш, тонағыш, соғысшыл Еуропа өркениеті көз алдыма келеді.

Тереңге, ұлылыққа меңзейтін, парасаты, құдыреті аңқып тұрған: “Бүлінгеннен бүлдіргі алма”, - деген нақыл сөз біздің халыққа ғана тән қасиет пе деп қаламын. Және де осы терең мағыналы айтылған ойға бас шұлғитыным, Ұлы Отан соғысы аяқталар-аяқталмастан Германиядан посылка дегендерің ағыл-тегіл, үсті-үстіне келіп жатты. Тіпті соғыстан еліне қайтқандардың жүгін ағайындар барып қарсы алып, пар өгізбен тасыған кездерін де көрдім. Ал сол тонап әкелінген дүниелермен сол уақытта кім байып кетті? Біраз уақыт жыртығымызды жасырғаннан әрі аспады емес пе? Ал, сол еліне қайтқан ағайындардың ішінде, біреудің бок дүниесі не опа берер дейсің деп бір суыртпақ жіп әкелмегендер, аналардан артық, қызықты өмір сүрді. Арлы болды, айналасы қошемет тұтты.

Сол жеңілген Германиядан жүздеген завод, фабрикаларды Кеңес Одағына көзді жұмып, қопара көшіріп алған көрінеміз. Сонда біз осы ұнамсыз қылықтарымыздан нені ұттық? Немістердің ескі-құсқы технологиясына мәз болып,

малданып айқайлап, көпіре шулап жүріп, кейін артта қалғандығымызды да аңғармаппыз. Ал, енді олар болса біз әкеткен өнеркәсіп орнына жаңа, үздік технологиялы өндірістер салып, ұлттық ерекшелігі - тәртіптілігінің арқасында жарасын тез жазып алды. Қазір жоғарыдан біздерге миығынан күле қарайды. Біз болсақ желбуазданып бір орында тұрып қалып, батпақтадық.

Міне, дана халқымның: "Бүлінгеннен бүлдіргі алма", - деп құлағымызға ертеден сіңіріп, құйып жүрген көрегендігі. Бүгінде ұлттық сана сезімі әлсіз, кейбір бизнесте жүрген біздің тоғышарлар, күнделікті іс-әрекетінде ұлтына сойқандық жасап, елдің маңдай терімен жиналған байлығын оңды-солды құртып жатқан жоқ па?! Еңбексіз жымқырып тапқан дүниесі түбінде өз басына опа бере ме? Соны кім ойлап жүр?

...Ұлы Отан соғысы басталысымен әкейді әскерге алды. Шығарып салғанымыз есімде. Ылғи мал тасуға лайықталған бірақ тақтайдан жаппай нар төселіп тасталған, есігін сырғаната ашып-жабатын қызылкүрең вагонды эшелон. Вагондардың ішінде, сыртында гармонь, гитара, мандолина, балалайка тартып масаң болып сенделіп жүрген жұрт. Айнала азан-қазан. Бірін-бірі естіп, тындар жан жоқ секілді. Даңғыр-дүңгір, гу-гу, шу. Әр жерде шүйіркелесіп жылап-сықтап көздерінің жасын сүртіп жатқандар. Ана жер, мына жерде желінбей қалған тағамдар, аударылып, төңкеріліп, шашылып жатқан ыдыс-аяқтар. Әжейлер мен апайлар ботасынан айрылған бозінгендей зарлайды. Оларға құлақ асып жатқандар жоқ.

Паровоз кенеттен бақырып-шақырып барып күшенгенде вагондар бір-бірімен қақтығыса-соқтығыса, бірін-бірі жұлқи тартып сықырлаумен ақырын жылжи бастады. Көп айқайшудың ішінде шырылдаған ысқырықтар естіледі.

Сол бір сәтте оқшау тұрған бір әжейге көзім түсті. Ол кісі үстіндегі көйлегін жыртып, дода-дода болып, тікірейген қырау басқан шашын жұлып, аузы жыбырлап, әжім басқан бетінен адам шошитындай, бірдеңе деп көкке қолын сермеп, ербите сілтелеп жатты. Есінен ауып, жынданғандай болып көрінген сол әжей, көңіліме үрей, қорқыныш ұялатты. Атамның бауырына барып тығылдым. Байқасам атам да кетіп бара жатқан эшелонға қарап тұрып, құдайға жалбарынып тілек тілеп.

көзінің жасы ағып, кеңкілдеп тұр екен. Эшелон сол баяу қозғалыспен батысқа қарай жылжып кете барды.

Сол соғыс басталысымен елдегі біздердің де басымызға қиындықтар қалың бұлттай түйіліп түсе бастады. Үйде жалғыз анам Қалима (жұрт ажарлы келбетіне қарап Жылтыр деп кеткен) ғана сауыншы болып жұмыс атқарды. Атам Тәуке қажы, әжем Балғаным, інім Қасен және мен төртеуіміз анамның қолына қарап қалдық. Анам болса танның атысы, күннің батысы жұмыста. Ауылда бірлі-жарым шалдар мен еркек кіндіктілерден бұғанасы қатпаған жалаң аяқ, жалаң бас балалардан басқа ешкім жоқ. Жұмыстың бар ауырлығы аналарымыз бен әпкелеріміздің мойнына жүктелді. Ол сорлылар снырларын күніне үш мезгіл сауады. Қыс болса маядан үш мезгіл шөп әкеліп оттықтарына салады. Суат ояды, екі мезгіл малдарын ағытып суаралды, үш мезгіл қора тазалайды. Кезекпен сүт апарып тапсырады. Бұзауларды бағып қағады. Тағы сол сияқты жұмыстан бас көтере алмайды. Ал, жұмыстан бір сәт үйге келсе есінен ауа шаршап құлайды. Шаршағандығы соншама, жыртық шөлкесін әжем шешіп алып, жамап, қайта киізгенін де сезбейді, қыбыр етпейді. Уақыт өткен сайын жағдайымыз тіптен қиындады. Үйде отырған біздерді қойшы, шешейлердің аяқ киімдері тозып, жұмысқа киер киімдері болмады. Атам үйде отырып бірдеңелерді шандып тігіп, жоқтан бар жасаған боп жатады. Онысы көпке жетпейді.

Кеңшарымызда бір цех ашылып, табаны қайын ағаштан, үстін брезентпен қаптаған шолақ шәрке істеп шығара бастады. Аналарымыз тықылдатып аяз, борандарда тайғанақтап соны киіп жүрді. Жаз болса біздер жалаң аяқ, үлкендер өлген малдың терісінен шәрке істеп киді. Ай сайын бас-басымызға күн тізбегі бар карточка беріліп, сол қағазбен шектеулі түрде орталықтан күнде нан әкеліп береді. Жарықтық нандарының қоспасы бар ма, қара желім сияқты. Қазіргі балаларымыз қуыршақ жасап ойнайтын пластилин іспеттес. Ертемен тұрып дірдектеп сыртқа шығып, жалаң аяқ қар басып, дәрет сындырып келгенде, біраз уақыт үйдің ішінің сасық иісі сезіледі. Кейін білінбей, үйреніп кеттік. Шектеп, өлшеп беретін әлгіндей нандарының өзі, өсіп келе жатқан біздерге, балаларға жетпейді. Қарнымыз ашады. Ініміз скеуміз тамақ сұрап қыңқылдаймыз. Онымыздан ештеңе өнбейді. Кей күндері

малға жарылған арпа әкелсе, мәре-сәре боп тойынып қаламыз. Оның өзін анамыз қорқа-қорқа әкеледі.

Ол кез бір азын-аулақ нәрсеге, тіпті бір килограмдай астық үшін он жылға соттап жіберетін тар, зар заман. Көбіне малға жмых дегенді әкеліп береді. Қарнымыз ашып шыдатпаған соң, оны отқа қарып, амалсыздан ептеп жейміз.

Ептеп деп отырғаным, ашқарактыққа салынып, көбірек жеп қойсақ, шықпай іште қатып қалады. Ондай жағдайды анамызға айта алмай, қорқып, көзімізге жас алып отырамыз. Неге жылап отырғанымызды білсе, бақыртып отырып, шұқып, ішімізді тазартып береді. Жмых деген пәлеге қорқа қарап, амалсыздан ептеп жеітініміз содан.

Кейін шаруашылыққа еңбек армиясының қатарындағылар араласа басталды. Олар ерсек, қартаң адамдар еді. Олар да кейде жмыхты көп жел қойса бірін-бірі тоңқайтып қойып, бірінің артын бірі шұқылап, тазалап жатқандарын көзім көрді.

Жұмыстан анамыздың екі нығы салбырап, қалжырап, құр сұлдері келгеніне қарамай, есіктен кіргеннен-ақ жамырай тамақ сұраймыз. Бірде жылағанымызға шыдай алмай шығып кетіп, көп кешікпей оралды. Келе қалтасынан бір-екі уыс жарылған арпаны алып шығып қуыра бастады. Исі мұндай тәтті болар ма, сілекейіміз шұбыра кетті. Бірақ қуанышымыз ұзаққа созылмады. Анадай жерде жатқан ешкінің тулағының үстіне әлгі қуырылған арпаны шашып жіберіп, қолымен жүнінің ұйпа-түйпасын шығарып сипап жіберді. Інім Қасен екеуміздің көзімізден жас ыршып кетті. Әрі қарай жылап-бақырғаннан енді келер пайда жоқ, амал қанша, ініміз екеуміз тері-тулақтың жүнінің арасынан күні бойы дәл терумен уақыт өткіздік.

Соғыс жылдары қыс қатты, қарлы болды. Жұмалап ішін тарта әр саққа жүгірте күніренген ақтүтек боран мен ұлыған қасқырдың дауысы астасып қараңғы түнде үрейінді алып, түн ұйқынды қашырады.

Қыстың күндері қасқыр дегенің тіпті құтырынып алды. Түн болса иттерді қораға қуып тығып, кейде байғұстарды шырылдатып алып кетіп жүрді. Ауыл талай жақсы иттерден айырылды.

"Жұт жеті ағайынды", - демекші, әрі соғыс жүріп жатыр, әрі қасқыр қатты, әрі сол жылдарда қыс зәрлі болды. Боран-

шашынды, қары көп, үйлердің төбесіне дейін қар басып қалатын. Үйге сол қалың күртік қарды шахтаға ұқсатып қазып кіреміз де, далаға шығатын баспалдақ жасап төбесін ағаш, талмен жауып қоямыз. Қару қылатын адамы жоқ кемпір-шалдардың үйін сырттан келіп қазып алатынбыз.

Он жастағы кезім. Сол қатты қыстың бір түнінде әлгі баспалдақпен далаға шығып, бір үйінді қардың ығында отырғам. Ере шыққан итім шәуілдеп, қашып барып сенекке кірді. Оның соңынан мені құлата-мұлата бір үлкен ит шапты. Сөйткенше болған жоқ, менен сескенді ме екен, үлкен "ит" бұрылып жүре берді. Ойбай салып, мен де үйге кірдім.

Танертен атам ізге қарап тұрып, түнде біздің үйге қасқыр келіпті деді. Бойым мұздап, дірілдеп қоя бердім. Өйткені, түндегі мені құлатып кеткен қасқыр болып шықты.

Жергілікті қатын-қалаштың жұмыстан әбден титықтап қалжырағанын жоғарғы жердегілер сезді ме екен, еңбек армиясына алынған егде адамдарды көбірек әкеліп ауылдың жұмысына салды. Біздің бастан кешіп, көріп жатқан қиыншылығымызды олар да бірге көре бастады.

Ауылдың иттерін қасқыр қоймай, үй арасынан әкетіп жүрсе де бір төбет ит қалып еді. Бұзаулаған сиырлардың шуын жеп, күн көріп жүретін. Сол соңғы ит із-түзсіз жоғалып кетті. Оны да түнде қасқыр әкеткен екен ғой деп жүретінбіз. Енді бірде далаға шығып тұрсам, анадай жерде мал қорадан шығып келе жатқан бір кәріс шалы тоқтай қалып, аяғының астындағы қарды шұқи бастады. Бір уақытта белбеуін шешіп жамбасындағы ыдысын-котелогін алып, шұбатылған ішек-қарынды қардың арасынан алып сала бастады. Қардың арасынан иттің басын да тауып алды. Бұл біздің жоғалтқан төбет итіміздің басы еді, тани кеттім. Әлгі кәріс шал қуанғанынан мәймаң басып, бір қолында ішек-қарын толған котелогі, бір қолында құлағынан ұстаған иттің басы, көрші үйдің ауласына кіріп бара жатты. Біздің ауылда не бары екі-ақ кәріс тұратын. Байқаймын, ана бір кәріс итті өлтіріп етін әкеткенде, мынаған сол иттің ішек-қарны, басы ғана тигенге ұқсайды. Сонда бір ауылда тұрып, бір-бірінен жасырып жегенде бұл байғұстар не тапты екен.

"Аштықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпес", - деген емес пе, осындай қиын заманда бірге бөліссе, бір-біріне жанашырлық білдірсе, кейін ес жиятын уақыт келгенде ту-

ған бауырындай болып кетпес пе еді. Бұлардың да бір-біріне деген жанашырлығы болмағаны-ау сонда. Тіпті, ісіп-кебетіндей де халге әлі жеткеніміз жоқ еді ғой...

Еңбек армиясының қатарында біздің елде Қайып деген өзбек шалы да болды. Тәшкенттен алыс емес, бір елді-мекеннің базарында өрік-мейіз сатып отырғанда бұларды бір топ әскер келіп қоршап алады. Мұндайда жан қайғы, базарда жүрген адамдар беттері ауған жаққа тырым-тырақай қашады. Қайып ақсақал да сасқалақтап қашып келе жатып анадай жерде жатқан бір үлкен трубаның ішіне сығыла кіріп кетеді. Жан ұшырып кірерге тесік таба алмай келе жатқан әлде біреу Қайып ақсақалдың соңынан ере кіреді. Өкінішке қарай ол сормандайдың аяғы трубаның ішінен қылтиып шығып жатады. Оны көріп қалған әскери адам трубаның ішінен бұларды бір-бірлеп суырып алып, басқа да ұсталған адамдармен бірге шұбыртып айдап, алды-арттарына қаратпай әкеліп мал артаын вагондарға мінгізіп ала жөнеледі.

- Токтаусыз поезбен күн-түн демей зымырап келеміз, - дейді Қайып ақсақал. Қайда әкеле жатқандарын бір құдайдың өзі біледі. Иманымызды айтып, іштен тынып вагонда жатырмыз. Әжептәуір күн өтті. Әбден титықтадық, шөлделдік. Шәй ішпегелі қай заман. Қару асынып алған жендеттер біздерді қыбыр еткізер емес - дейді.

Содан есіміз ауа берген шақта Новосібір шаһарына жеттік. Біздің әбден әлсірегенімізді сезген болулары керек, ішіндегі бір мұртты әскербасы келіп: "Екі-үш аламдарың барып өздеріне кіпиток алып келіңдер", - депті.

- Тіл білмеген де жақсы емес-ау, біз оның айтқанына түсінбей, бәрімізге рұқсат етілген екен деп, вагоннан жамырай шығып, ыстық су алатын жерге лап қойдық. Біздерді тағы да бет-бетімізбен қаша ма қайтеді, деп әлгі мұртты әскербасы алтыатарын, нағанын, жоғары көтеріп: "Назад, назад" - деп, қызара бөртіп жанайқайына салып, атамынға басты. Сасқанымыздан біздер қайтадан жамырай вагонымызға жүгіріп, бір-бірімізді жанши баса, тағы не болып қалды, құдайым-ау, деп келіп еденге жапыр-жұпыр жата қалдық. Әлгі мұртты кәпірдің түсі суық, үстімізге кіріп келіп, еденде жаутандап сығылыса жатқан біздерге қарап, мықынына қолын салып тұрып, басын шайқап: "Баран, баран", - деді деп өзбекше сық-

пырта боқтап ала жөнелгенде, біздер күлкінің астында қалатынбыз...

Бұлардың көбін Қарағандының шахтасына әкетіп, Қайып ақсақалдың кекселік жасына қарап, біздің елге малшы қылып жіберген көрінеді. Қайып ақсақал елімізге бауыр басып үбірлі-шүбірлі болып елуінші жылдардың ортасына дейін тұрды.

Әкей әскерде болған соң, сегіз-тоғыздағы кезім болса да терезеден орталық жаққа қарағыштай беремін. Жұмасына екі рет кеншар орталығынан біздің ауылға жаяу жүріп бір үлкен отағасы хат, хабар әкеледі. Әскерден келген үшбұрышты хаттарды апа-шешелеріміз атқарып жатқан жұмыстарын тоқтата салып, сол жерде отырыса оқып, қорыққан мен қуанған бірдей деген-ау, көздерінің жасын бұлап, сығып-сығып қояды.

Елге қара қағаз келсе, әлгі хат тасушы шал оны ауылдың үлкен отағасысына жасырын беріп кетеді. Ол кісі ферма меңгерушісінен бес-алты литр сүт сұрап алып, үйіне әкеліп пісіріп, ауылды түгел шақырады. Там-тұмдап бәріне сүт береді. Жиналған жұрттың көбі қопандап бір жамандықтың ұшын сезіп, кім болды екен деп сасқалақтап, жаутандап сүтті онша ішпей отырады.

Әлгі бәрін шақырған ақсақал сөзді алыстан орағытып өмірдің опасыздығын, жалғандығын тақпақтап отырып, қаза болған азаматтың атын естіртелді. Айқай-шу, ой-бауырым-даған жоқтаулар айтылып, бүкіл ауыл боп зар илеп көрісіп жатады. Мұндайда сай-сүйегің сырқырап, жұртпен бірге жылайсың.

Сондайда зәрезәп болып бетім қайтқандықтан, бала да болсам, анадайдан поштабайдың келе жатқанын танып, менін де басыма қаралы күн туып қала ма деп тықыршып, сасқанымынан теңселіп, жер-көкке сыймай, басым айналып, көзім қарауытып кететін күндерім де аз болмайтын:

...Зар қаққанда мен де егіле жыладым...

Содан бері қаншама жыл өтсе де,

Екі қолым өз аузыма жетсе де,

Қаз-қалпында ұмытпадым сол күнді,

Қан жылаған соғыс жыллар есімде! -

деппін. Ақын болмасам да, осынау бір халқымның басына түскен қиын кезең бала күнімнен менің көз алдымда, өзімше осындай шумак ретінде орала беріп еді.

Бала болсақ та ұзақ қыстан әбден жүдеп, титықтап жүрген біздер жаздың шығуын асыға күтіп, армандайтынбыз. Жаз жайлауда қарнымыз онша аша қоймайды. Күні бойы жалаң аяқ, жалаң бас томарлы көлдерді кезіп, тұзақ құрып, кегер, үйрек ұстаймыз. Томар арасынан құстың жұмыртқаларын тереміз. Кездескен жерде қарғаның да жұмыртқаларын қоймаймыз. Шым-шымдап үзіп алмай қоғаның тамырын да су ішінде жүріп суырып алып жейміз. Арасында жуа, қымыздық тереміз. Жаз ортасы ауа жидек, шие, қарақат теріп жейміз. Үй-іші шай орнына ішетін жалбыз жинатады. Қайткенмен де жаздың аты жаз, арқа кеніп, көңіліміз көтеріңкі әрі тоқ жүреміз.

Осы, бүгінгі заманда балалар алты жасынан оқи бастайды. Мен болсам киім-кешектің тапшылығынан, жоқтығынан тоғыз жасымда ғана мектептің алғаш есігін аштым. Жоқтық не істетпейді, дамбалсыз, жалаңбұт жүрген күндерім де болды.

Көз жасымыз иіп, құдай қолдап 1943 жылы әкей аяғынан жараланып, балдақпен елге оралды. Әкей келісімен сол жылы бірінші сыныпқа түстім. Әліппе, кітап дегендеріңнің исі де жоқ. Қағаз, қаламсап, қаламұш, сия дегендерін тапшы. Класта жеті қазақ баласы бірге оқыдық. Оның төртеуі - бірінші класта, екеуі екінші сыныпқа, Зейнеп деген қыз төртінші класта. Зейнеп ересек болып қалған қыз. Бәріміздің үстімізден қарайды. Мұғалима Әбдіүшкірова деген апайымыздың оң қолы. Бізді үзіліс кезінде тырп еткізбей ұстайды. Зекіп, қорқытып мәути де алып қояды жалтыр басымыздан. Жылда оқуға өзі сол төртінші сыныпқа келеді. Одан жоғары біздің кеңшарда қазақ класы жоқ. Мұғалима апайымыз одан жөнді сабақ та сұрамайды. Өзі сабақты жатқа біледі десе де болғандай. Зейнептің кейде сабақта шаруасы жоқ. Өзімен-өзі болып, айдын көлдегі аққуша таранып, сәнденіп, киімі жұпыны болса да таза киініп кер маралдай керіліп, сыланып, жұмыр бұрымын өріп отырады. Бала да болсақ көздің астымен қарап қоямыз. Одан қала берді ұзақты күн айнаға басы айналғанша тесіле қараумен болады. Бірде сол айнасына қарап отырып, класта отырғанын ұмытып кетіп:

- Көрдім, көрдім, - деп қуанғаннан көзі күлімдеп айқайлап жіберді. Бәріміз түкке түсінбей үрпиісіп Зейнепке аң-таң болып қарап қалыппыз. Сөйтсе, аңсаған арманы болашақ жігітін, жан серігін қиялдай іздей отырып айнадан шын көрген секілді.

Сырым батырдың:

Сауда арманы - ұту,

Жол арманы - жету,

Қыз арманы - кету. -

дегені осы екен ғой. Бала кезімізде біз қыздардың ондай ойын қайдан білейік.

Біз үшінші сыныпқа келгенде: "Кұнажын көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбейді", - дегендей, соқталдай қыз болып, пісіп қалғанын білдіріп, Зейнеп күйеуге қашып кетті дегенді естігенде, бүкіл балалар қол шапалақтап бас бостандығымыз өзімізге тигендей, мұндай шулап, мәз болып қуанбаспыз. Күйеуге шығуды армандап жүрген Зейнепті тілеуін бергір Шербак әскерден қолынан жаралы болып келген бойда ұнатып, көңілі ауып, біздің бағымызға алған да кеткен. Зейнептің обалы нешік, бақытқа бөленіп, сегіз баланың аяулы анасы болды. Шербағы алақанына ұстап, бағып-қағып, жастай алғанын ақтады, солдырмады, барын үстіне үйіп-төкті...

Бергін келе Трофим Михайлович Пак деген азаматпен көп жыл дос болдым. Ол кісінің айтуынша соғыс жылдары ұлты кәріс жігіттеріне сенімсіздік білдіріліп оларды әскерге алмай, тек еңбек армиясы қатарына алған көрінеді.

- Біздерді, - дейді Трофим, түгелдей суық өңірге апарып, өзен бойымен ағаш ағызуға қойды.

Күнде белуардан су кешіп, ағаш іркес-тіркес дұрыс ақпай көлденеңдей беріп қапталып (затор болып) қалған жерлерді аршып, ағаштарды дұрыс жүйеге салып ағызып отырамыз. Әсіресе күзгі су жиіркенішті. Мұздай. Беретін тамақтары оның үстіне тапшы, мардымсыз. Уақыт өте келе Тайгада осылай жүріп құр сұлдеріміз қалды. Су кешіп жүрген соң көбіміздің бүйрегіміз ауырып зәрімізден қан білінді. Ортамыздағы әуел бастағы еңгезердей толық денелі жігіттеріміз тез арада біртіндеп шетіней де бастады. Қайта арықтырық келген біздердің жандарымыз сірі екен. Бұл дозактан ешқайда қашып құтыла алмайсың. Айналаң мүлгіген меңіреу шексіз табиғат.

Бірде бір орыстың үлкен поселкасының тұсында өзен бойымен ағаш ағызып 4-5 жігіт жағада от жағып өлместің күнін кешіп, киімдерімізді кептіріп отырғанбыз. Бізді көріп поселкадан лек-лек болып, айналымызға жас әйелдер жинала бастады.

Бәрінің қалталарында, қойын қоныштарында қабығымен пісірілген картоп. Әрқайсысы көңілімізді өздеріне бұрып: "Миленькие ешьте, ешьте", - деп елжірей аймалайды. Нәзік сезімді сөздер айтады. Ал біз болсақ, аш жүрсек те олардың әлде не дәмепіп ұсынған картоптарын жей алмадық. Себебі қай қайсымыз болмайық, оларға еркін сезіммен қарайтын кәу-һарымыз жоқ еді - дейді, Трофим досым.

Әңгімесін тыңдай отырып аңғарғаным, бұл поселкеде бір еркек кіндікті азамат қалмаған, бәрі түгел әскерге алынып, соғысқа кеткен көрінеді.

Осындай жағдай сол сұрапыл жылдары біздің де көптеген елді мекендерімізде болды.

...Атамның сексеннен асқан кезі, бірде мектепке келіп, сабақтың аяғына шейін қатынасып отырды. Қазақ класы төртіншіге дейін болатын да, негізінде орысша сегіз жылдық мектеп еді. Атамды көрген орыс балалары: "Жамбыл келді, Жамбыл келді", - деп шулап, қызық көріп соңынан шұбырды. Расында да шапан, бөрік киісі, бет-келбетінің ептеп Жамбылға ұқсастығы аңғарылатын.

Жазда біздің елде қалың маса далаға шықсаң буып, қойын-қоншыңа кіріп аяқ бастырмайды, үстіңдегі киім жоқтың қасы. Мұндайда амалсыздан консервінің темір қалбырын шұрық тесіп сымға байлап, ішіне тезек салып жағып жалаңаш денемізді түтіндете айналдыра зырылдатамыз. Сонда маса безіп бізге маңайламайды. Анадайдан қарасаң далада ойнап жүрген әр баланың айналасы будақ-будақ түтін.

Түнде қалың масадан мал да зардап шегеді. Олардың желдеп кетпеуі үшін үйіріліп жатқан жерінің жел жағына үлкендер түтін қойып таң атқанша бықсытып жатады. Мал да рақметін айтқандай пысылдап күйіс қайырып, кейбіреулері көзін жұмып керіле жатып рахаттана мызғып үнсіз дем алады.

Аяқ киімнің тапшылығынан жаздай жалаң аяқ жүреміз. Күзге қарай аяқтарымыз күстеніп, қара қайыстанып кетеді. Табаныңа шөгір кірмек түгілі шынының ұнтақ сынықтары да ауырта алмайтындай қара табан бала болып өстім. Біздің өңірде дәрігер дегенің атымен болмады. Суық тиіп не басқандай ауырсақ атам күн батарда күнге жалаңаш теріс отырғызып дұғасын оқып, денене суық су бүркіп үшкіргенде шошынып, талай рет құлан таза айығын кететінбіз.

Біз жеңдік, соғыс аяқталды деген күні таңертең әжем күмбірлеп, әуенмен ашылатын сандығында жатқан, бұрын біз көрмеген ақ кимешегін алып шығып, үй-үйді аралап сүйінші сұрап жылап көрісіп жатты. Азан-қазан жылау, қуаныш. Үш ұлының үшеуі де аман-есен қасында болса да әжемнің көзінің жасын көл қылып жүргеніне елжіреп мен де әжемді құшақтай беріппін.

Ес білгелі аңғарғаным ауылда мал сойылмайтын. Сол жеңіс күні жоғарғы жер рұқсат бергенге ұқсайды, бір ту сиырды үлкендер көлдің жағасына әкеліп сойды. Бауыздап жатқанда ауылдың қатын-қалашы, балаларына дейін қуаныштары қойындарына сыймай, әлгі сиырдың жүнінен ұстап, кезек-кезек тартып жатты. Сол күні көптен болмаған әр үйдің төбесінің түтіні будақтап ет асылып, бір-бірлерін шақырысып, жыласып, әскерде қаза болған бауырларын еске алып жоктасумен болды.

...Он екідегі кезім. 1946 жылы ақпан айында інім Қали дүниеге келді. Әбігерленіп жүріп үй іші малға беріп жатқан қызылшадан, тағы не қосқанын білмеймін бір фляг сыра ашытқан болды. Әкей іздеп жүріп әйтеуір қара малдың етімен бірге аз ғана ішек-қарын тауып әкелді.

Өзім деген жақын дос-жораларын қуанышына ортақтасырып шақырды. Жинала бермейтін ағайындар шүйіркелесіп, күліп-ойнап, мәз болып жатыр. Біраз отырып қарқындап алған соң іштерінде отырған Құсайынов Қаппас деген әскерден жараланып келген кісі:

- Ортамызда мені ұстап беретіндер табыла қалмас, шіркін Сәкен Сейфуллин халқымыздың мақтан тұтатын адал азаматы еді ғой, жазықсыз кетті, - деп, сыра ішкендіктен бе екен, көңілі босап, көзіне жас алды. Содан бір сәл-пәлден соң Сәкеннің аруағы разы болсын, мен сол абзал азаматтың бір өлеңін айтып берейін, - деп ұмытпасам "Тау ішінде" деген өлеңін толғана бабымен айтты. Отырғандар үнсіз тыңдады. Мен сол бір жайлы отырған кештен кейін көпке дейін біреуімеу Қаппас ағайды көрсетіп жүре ме деп бала да болсам тықырышып, уайымдаумен болдым. Ол кісі әрі коммунист еді.

Себебі ауылда Боранбай деген бір ұр да жық, ешкімнің айтқанына көнбейтін кісі бар болатын. Өзінің арақ ішкенде айтатыны, аштық жылдары талайлардың шықпа жаным шықпа деп үнемдеп жеп отырған азын-аулақ азықтарын тар-

тып алып аштан өлтірген. Өзі хат танымаса да арыз жаза білетін хатшы ұстап, елдің азаматтарына пәле жауып, үндемеске айдатқан. Сәкеннің өлеңін айтқан Қаппас ағай сол Боранбайдың құлағына шалынып жүрер ме екен деп үрейлендім. Және де атамның сексеннен асқан шал екендігіне қарамай НКВДның адамдары, сол баяғы қажы болғанын тергілеп, мазалай беретіні есімнен кетпейтін.

Қаппас ағай қазір де тірі. Мына іргедегі Киров атындағы кеңшарда тұрады. Жасы қазір токсанды алқымдап қалған үлкен жүректі ел ағасы, нағыз азамат. Ол отағасымен кездескен сайын қазақтың маңдайалды азаматымен кездескендей болып, бас иіп, қадір тұтамын. Шама-шарқыма қарай кастерлеймін.

Бірді айтып, бірге кетіп бара жатсам да осы арада айта кетейін дегенім, әкей 1943 жылы партия мүшелігіне кандидат болып енген-тін. Бұрын сақшылар байқамай қалды ма екен, кандидаттыққа өтуі өтсе де әкесінің қажы болғанын кейін бетіне басып, табаны күректей он төрт жыл сол баяғы кандидат қалпында жүрді. Не партиядан шығармайды, не қатарына алмайды. Мұндай өрескелдік тіпті партияның уставында да болмаған шығар деп ойлаймын.

Осындай тар жол тайғақ кешуді, жан-жақты қысымды жас-кәрісіне қарамай біздің ағайындар түгел бастан өткерген десем артық емес.

Тіршілік жағдайымыз елуінші жылдың басына дейін қиын болды. Соғыстан кейінгі ауыр зардаптан көпке дейін айыға алмадық. Кішкентай бала кезімде той-домалақ дегендер болып жатады. Ет болмаса да көбіне ауқаттылау деп жүрген үйлер ұн тауып, соны илетіп жайып қайнаған тұзды суға пісіреді де түсірген соң, аздап сары май салады. Осынау бір дәмі ауыздан кетпейтін қамырды ауызға салып кеп жіберсең "сылқ" ете қалады. Содан бұл тағам біздің елде "сылқ етпе" атанып кеткен.

Ел жиналғанда көбіне сол "сылқ етпе" жасайды. Ауылдың бүкіл балалары сол үйдің есігінен сығалап шықпайды. Әке-шешелері бірденелерді лақтырса, олар ит сияқты қағып алып, көмекейлеріне ытқытып жатады. Маған да береді, бірақ адам секілді бермеген соң ба екен, жемеймін. Мені көбі ұялшақ санап "Бөкпен" деп атап кетті.

Үйге келген соң тамақ сұрасам, шешей: "Ой, жүгермек, ел қатарлы бағана балалармен бірге неге жемедің, енді саған берер ештеңем жоқ, кет әрі" - деп, үйден қуып шығады.

Соғыстан кейін бүкіл ел болып ес жия бастадык. Біздің үйде де бір қызыл сиыр пайда болды. Бірақ мал басына салынатын салық жұртты тығырыққа тіреп есеңгіретті. Бірде ұйықтап жатып ояндым. Үй тастай қараңғы. Әкей мен шешей өзді-өзі күбірлеп сөйлесіп жатыр. Салық басып барады, сиырдың көзін құртамыз ба, қайтеміз, - дейді. Қаншама май, қаншама ет тапсыруымыз керек, етті майға шақса қанша, болады деген өзара есептері менің ұйқымды шайдай ашып жіберді. Сонымен әке-шешем есептей-есептей келгенде сиырдың өз қарақан басы мен жаңа туған бұзауы ғана тегін қалатын болды. Өзімнің жақсы көретін бұзауым аман қалатын болған соң үрейім басылып, әрі қарай ұйықтап кетіппін.

Біздің кеңшарда қазақ мектебі төрт жылдық қана болған соң, бесінші сыныпты Ақмолаға барып оқуға тура келді. Оқуға барып түскен жерім Ақмоладағы номері 2-ші Сталин атындағы ер балалар қазақ орта мектебі болатын. Қазіргі Парламент үйінің сырты. Қалада да кітап жағы баяғыдай тапшы. Кейбір пәндерден оқулық жоқ. Сонда да сабақты ықылас қойып жақсы оқуға тырыстым. Көбіне мұғалімдердің түсіндіріп айтқандарын жадымда сақтап, сұраған кезінде өздеріне айна қатесіз қайта тап-тұйнақтай қылып айтып беремін. Ұмытып қалмас үшін қиын-қиын деген жерлерін, кісі, жер атауларын, терминдерді дәптеріме түртіп қоямын. Сабақтан кейін сенбі сайын алыстығына қарамай жаяу-жалпы үйге келемін. Тапсырма бойынша жаттайтын өлеңдерді әжем Балғаным таңғы бестен тұрғызып жаттатады. Үш-төрт қайталағаннан-ақ тез ұғып, жатқа біліп аламын да қайта ұйқыға кірісемін.

Бала болып жасыма лайық ойын-сауық дегенді білмей өстім. Сөйтіп жүргенде Абайдың өлеңдер жинағы алғаш қолыма түсті. Оқып отырып таң қалғаным, қандай ғаламат, іші толған накыл, парасат десеңізші. Содан барып гуманистік пікірлері, ғажайып тағылымы, тұлғалылығы тәнті етіп, Абай атамның еңбегінен нәр алуға талпындым. Оқыған сайын өзіме-өзім сын көзіммен қарай бастадым. Өз бойымда жіберіп жүрген қателіктер, әттегенайлар мол ма деп қалам. Қиын-

шылықты ерте көріп тез есейсем де, ақылымның онша қалыптасып кете қоймағанын, Абайды оқи отырып аңғардым. Кейбір балалықпен істеген қылықтарым есіме түсіп, өзімнен-өзім ұялдым, кейбірінен жирендім.

Биыл он үшке келіп, жаздай мал бағумен жүріп, Абай кітабын қолтығымнан тастамай, қайта-қайта оқып толқумен, толғанумен болдым.

Адам болу, адал болу, өтірік айтпау, еңбек ету ғылымға талпыну деген нақылдарын сия қарындашпен сол қолымның іші-сыртына жазып естен бір сәт шығармауға тырыстым. Ауылдың балалары жиналғанда көбіне лағып, өтірікті шын қылып босіп кететіндеріне құлақ аспадым. Олардың сол қылықтарына сын көзбен қарап шындыққа, адалдыққа, парасаттылыққа үйренуге тырыстым. Ауылдың ересек адамдарының да жағымсыз, келенсіз жақтарын біліп, жиренішпен қарап, кей жерлерінде беттеріне де айтып мысқылдадым.

Өзімді өзім қамшылаумен еңбектен қашпай, бесінші сыныптан бастап оныншы бітіргенге дейін жаз бойы мал бағып, шөп шауып, кәдімгідей ел қатарлы бір адамдай еңбек етіп, жалақы тауып үй-ішіне қолқабысымды тигізіп, еңсесін көтерулеріне ықпал жасадым. Бағып-қағып жүрген малымның мінез-құлқын, этологиясын аңғара жүріп, кейін жарық көрген кітаптарыма арқау еттім.

Кей жылдары жазда қойды да қатар бағып жүрдім. Келісім бойынша қойды бір жұма күндіз бағатынбыз да бір жұма түнде күзететінбіз.

Алғашқы қой күзеттерінде қорқып жүрдім. Кейіннен қасқыр қойға шапқанмен адамға өз бетімен тиіспейтінін білген соң үйреніп алдым.

Жусаған қойға қарап отырып, қасқырдың қай жақта кетіп бара жатқанын сеземін. Оның сыры мынада екен. Қой малы түнде тегіс жатып қалмайды. Ортада біреуі күйіс қайырып, күзетте түрегеп тұрады. Ол біраз тұрған соң, жерді тарпыл-тарпып жіберіп жатады. Сонда оның жанындағы екінші бір қой түрегеліп, күзетті қабылдап алады.

Олар жай ғана күйіс қайырып тұрмайды, шын мәнінде күзетте болады. Менің бар назарым сол күзетші қойда. Сонда әлгі қой қасқыр алыста ма, жақынла ма, қай жерде кетіп барады, одан көзін алмай, соның ыңғайымен бұрылып қарай-

ды да тұрады.

Сондағы байқағаным, қасқыр үнемі қойға айдың астымен келеді екен. Көзің ай жарығына шағылысып, әрі айдың асты қараңғыланып жер бауырлап келе жатқан тұз тағысын көре алмайсың.

Осындай қой мен қасқыр арасындағы аңдысудың сырын біліп алған соң мен үнемі ай жақ шетте отырамын. Орнымды аймен бірге жылжытып, ауыстыра беремін.

Бір күні ұйықтап кеткен екенмін. Қой үріккен кезде шошып оянсам, ай менің сыртымнан едәуір жерге ауып кетіпті. Жалма-жан қолымдағы берденкенің оқ тесерін қайырып, ай астына қарай шүріппесін басып жібердім. Мылтығымның даусы жер жарып, жаңғырығып бір қиянға кетіп барады. Қойлар да тыншықты. Түрегеп барып айдың тұсына тағы жайғастым.

Әсіресе, қасекеңнің малды түнде көп айналдыратын кезі үркердің аспанға шыққан шағы, яғни тамыз айының ортасынан басталады. Үркер мамыр айында көрінбей кетеді, оны қазақтар жерге түсті дейді. Ал үркер аспанға шығысымен түн қайтадан ұзарып әрі күздің салқыны түсе бастайды. Біздің халқымыздың аңызында жерге түскен үркерді енді қайтып аспанға шығармас үшін, қайтадан түн салқын болмас үшін Ойсыл қара (түйе), Зеңгі баба (сиыр), Қамбар ата (жылқы) аяғымен басып тұруға таласқан екен. Сонда жылқы баса берем дегенде, сиыр оны мүйізімен қағып жіберіп басып қалғанда, үркер оның тұяғының арасынан аспанға бір-ақ ырғып шығып кетіпті-міс.

Бұл - күннің шілдеден салқындыққа ауысуына ғана қатысы бар аңыз. Ал қасқыр осы кезде бөлтіріктерін аяқтандырып, малға шабуға үйретіп, ауыздандыра бастаса керек.

Айтпай кетпеуіме болмас, бағдарлауымша қандай үй жануарлары болсын иесіне тартпай қоймайтын сияқты. Кең пейілді, ақ жарқын, мейірімді әйелдердің үйіндегі, не қарамағындағы сиырлар жуас, адамға жақын, саусан сүтін аямай ініп береді. Маңқиып, күйіс қайырып тұрған мұндай сиырлардың желінінен сылап-сипап, қос-қолдап сауған кезде шелекке сауылдап құйылып жатқан осынау телегей-теңіз байлықты мәңгі-бақи ағатын сарқылмас бұлаққа қалай ұқсатпассың! Бабын келтіріп аялап бағып-қақсаң, әрине оның берері

дариялай ғой. Бұл тәрізді жайсаң жандардың сиырлары жайылымда асықпай, баппен мамырлап, емін-еркін жайылады. Шөптің құнарлысын, тәуірін ғана тандап жейді. Адамның аялы алақаны мен мейірімді ықыласын сезіп, соған бөленген сиырлар ешқашан шошынбайды, қайта иесіне мәңгілік бауыр басады, соның айтқанына көніп, айдағанына жүріп дегендей, оған шексіз берілгендік кейіп танытады.

Малдың "тілін" білетін атақты сауыншылардың малдың қас-қабағына, жай-күйіне ылғи қарап, жылдың қай мезгілінде болсын көзден таса қылмай, ерінбей-жалықпай, бар ықыласымен аянбай күтетіндіктерінің талай рет куәсі болғаным бар. "Береген қолым алаған", - дегендей, "иесінен аумаған" маңғаз сиырлар да, әрине аянып қалмай, көл-көсір байлығына, молшылық қайнарына кенелтеді-ай келіп.

Және бір байқағаным, қай малды алмаңыз егіздің сыңарындай серігі болатынына қайран қаласың. Көп өнім аламын десеніз, олардың әлгіндей ара қатынасын да біліп, бір-бірінен айырмауға тырысу керек. Өздері де бірінсіз-бірі жайылып жүре алмайды. Тіпті бір-біріне бауыр басқандықтары соншама, басқаларға сыңарларын әсте сүздірмейді, тигізбейді, қорғайды, араша түсіп, әуре болады. Түсте, не кешке тыныстап, күйіс қайтарар кездерінде олардың қатар жатқанын көрер едің. Алда-жалда олар бір-бірінен көз жазып қалса, тынышсызданып, мөңіреп, жайылып, сыңарын іздеумен болады. Сол күні бұлар мардымды сүт те бермейді, иімейді де. "Мына сиырларға бүгін не болған?" - деп сауыншылар аң-таң қалушы еді онда. Басқа себеп таба алмаған соң "бабын келтіріп баға алмаған болар" деп бақташыларға да күмән келтіретін. Ал шын мәнінде істің жайы басқада жататын. Бұл да бір жануарлар дүниесінің жұртшылықтың біле бермейтін көп құпияларының бірі ғой.

Мал иесіне тартпақ түгілі оған шын беріліп, басқаларды қасына жолатпайтындығы менің есімде мықтап қалыпты. Анашым сауыншы болып істейтін. Оның "Машка" деген симментал тұқымынан өрбіген денесі ірі, желіні үлкен сиыры болды. Әлгі Машканың анама үйренгені соншалық, ол демалысқа шыға қалса, ешкімге сауғызбай, жұртты әуре-сарсаңға салатын. Сол себептен шешем үйден ұзап шыға алмай, сол бір жаяғыз сиырды сауу үшін шарасыздықпен фермаға

баратын. Және бір қызығы, анам шелегін алып, қасына жақындай бастағаннан-ақ иіп, емшектерінен сүт өзінен-өзі аға бастаушы еді. Ауыл адамдарын былай қойғанда, мал екеш малдың да жүрегіне жол таба білген, оны баурап алған анашым көпшіл еді. Осы төңіректің жастары, бала-шағасы, орыс-қазағы, неміс-ұңғышы "апатайлап", "тетқалап" анамның айналасынан шықпайтын. Біздің үй күндіз-түні құс базарындай балалардың жарқын дауысы мен у-шуына толып кететін. Бауырсақ, қант, кәмпит секілді неше түрлі тәтті тағамның қайсысын болсын алаламай бәрімізге бірдей тең ғып бөліп беретін. Ана мейірімінен құдіретті еш нәрсені көрген емеспін. Сондықтан да болар, ақ пейіл, дарқан көңіл, сергек те сезімтал мамамды бүкіл ел болып сыйлап, қадірлейтін, құрметтеп, ардақ тұтатын.

Киров атындағы кеңшарда анамды білетіндер осы уақытқа дейін ауыздарынан тастамай: "Жарықтық, жатқан жерің жарық болғыр!", "Апатайымыз, теткамыз-ай!" - деп отырады.

Ал енді ұрысқақ, жеңіл мінез, жанжалшыл әйелдердің қарамағындағы сиырлар да жеңілтек, тынымсыз асаулау болады. Мұндай сиырлардың сүті де мардымды болып шықпайды. Сүйкенбейтін жерге сүйкеніп, сұғанақтанып, басқа малдарды мүйіздеп, өрісте де отағыта оттап, бір жерге тұрақтамай, өзгелерді де соңынан ерте өңмендейді де жүреді. Содан барып бақташылардың соққысына ұшырағанын да талай көрдік.

Бала кезімде мал бағып жүріп, осындай ұқсастық жәйттерге көп көңіл бөлуші едім. Ауылдағы әрбір әйелдің мінез-құлқын, іс-әрекетін білгендіктен, олардың қарамағындағы сиырларына малшы көзімен сипаттама беріп салыстырғанда, өте көп ұқсастық тауып, таң қалушы едім. Малды да бағып-қағып, одан мол өнім алу, сөйтіп оның пайдасын көру, мал иесінің өзіне де өте-мөте байланысты ма деймін.

Әр жерден қалаға келіп оқуға түскен балалардың көбі жетімбіз деп интернатта жатып оқыды. Жағдайлары жақсы. Тамақтары тоқ, қойлектері көк. Байқасам көбінің әкешелері бар. Мен болсам қиындық көріп, қаладағы туыстардың үйінде жатып оқыдым. Ауылды жердің жағдайы со-